

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 90 қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 27/335-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 мамырда № 3955 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, "Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы" Тарбағатай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 қазандағы № 22-3 шешімі және Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 474 қаулысы негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы шешімге және қаулыға қосымшаға сәйкес Қабанбай ауылдық округінің, Қарасу ауылдық округінің жерлерін және босалқы жерлерді Тұғыл ауылдық округінің құрамына қосу жолымен шекараларын өзгертіп Тарбағатай ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім және қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Уразов

Облыстық мәслихат хатшысы

Г. Пинчук

Облыс әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан облыстық
мәслихатының
2015 жылғы 17 сәуірдегі
№ 27/335-V шешіміне қосымша
Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2015 жылғы 15 сәуірдегі № 90
қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Тұғыл ауылдық округіне берілетін жерлердің экспликациясы

Берілетін жерлер	Барлық жерлер, га	Пайдаланатын бөгде жерлер	Бекітілген алаң	Барлық а/ш алқаптары	оның ішінде			Өзгелер
					егістік	шабындық	жайылым	
Қабанбай ауылдық округінің жерлері	55063	36	55027	50650	1232	—	49418	4377
Қарасу ауылдық округінің жерлері	1549	3	17124	1538	1167	—	371	8
Босалқы жерлер	17179	55	1546	16863	265	—	16598	261
Тұғыл ауылдық округі жерлерінің барлық аумағы	73791	94	73697	69051	2664	—	66387	4646

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК